студенттердің денсаулық деңгейінің ойлап, күткеннен анағұрлым төмен екенін көрсетті. Студенттердің денсаулық деңгейін жоғарылатуда алдымен олардың өмір салтындағы залалды және залалсыз факторларды біліп, денсаулықты қалыптастыру, сақтау, нығайту әдістерінің кешенін *құрастыруға болады. Осы айтылған шаралар дұрыс қолға алынған кезде ғана студентте өзіндік талап,* ізденіс пайда болып, өмір салтын салауатты жолға қою туралы пікір қалыптасады. Аурудың алдын алуда ең маңыздысы салауатты өмір салтын сақтау болып есептеледі. Сондықтан зерттеудің қорытындысы студенттердің өзіндік бақылау жасауын және салауатты өмір жүргізуін қолдайды.

*Ғылыми жетекшісі: б.г.к.,доцент Аблайханова Н.Т.*

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕГІ ОРНЫ

А.Б. Скендирова
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
akonya.555@mail.ru

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті. Қазіргі мектептердің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әр түрлі тегінен анықталады.Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Қазіргі кезді электрондық WEB оқулықтың қандай екендігі туралы біртұтас ой жоқ. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық.

Электрондық оқулық пен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.» Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды. Электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы: құстардың дауыстарына қарай қандай құс екенін ажырата білу, жүрек қағысын байқау.Осы Электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Дәстүрлі оқытуда кейбір оқушылар түсінбей қалған материалды мұғалімнен қайталап сұрай беруге кейде қысылады, сол себепті жаңа тақырыпты дұрыс қабылдай алмауына әкеп соғады. Ал электронды оқулықпен жеке жұмыс істеуінің арқасында сол тақырыпты бірнеше қайталап оқуына, тыңдауына, тіпті түсінбеген сөзді бөліп анықтама бөлімінен қарауға, сол сөздің түсіндірмесін білуіне, оның грамматикалық жасалу жолдарын білуіне көптен-көп көмегін тигізеді.

Қорыта келе айтарымыз, оқу үрдісінде электронды оқулықты қолданудың маңызы өте зор. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электрондық оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ой өрісі дамыған, шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, бір-бірімізден тәжірибе алмасып, кемшілік- жетістіктерді айтып отырсақ жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймыз.

*Ғылыми жетекшісі: профессор, Торманов Н.Т.*

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӘСЕРІ КЕЗІНДЕГІ ФАГОЦИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ КЛЕТКАЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.Р. Спанова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы
Spanova_91@mail.ru

Атмосфералық ауаның шаңмен ластануы адамның өндірістік және шаруашылық ісінің ең жағымсыз салдарының маңыздысы болып саналады. Ол шаңның сапалық құрамымен ғана емес, оның